

“Ақбастау жалпы білім беретін мектебі” КММ



Келісемін
директордың ТДЖ орынбасары
С.Базарбеков *Бей*
02.09.2025ж

Ұлдармен тәрбие жұмысының жылдық жоспары 2025-2026 оқу жылы

Ұлдар жетекшісі: Өмірбай Н.

Мақсаты:

Мектептегі ұл балалардың ұлттық сана-сезімін, азаматтық жауапкершілігін, рухани-адамгершілік және патриоттық қасиеттерін қалыптастыру; қазіргі заман талабына сай ой-өрісі кең, өзін-өзі дамытуға қабілетті, еңбексүйгіш, мәдениетті, отбасына, қоғамға және Отанға адал ер азамат тәрбиелеу. Ұл балалардың бойында ерлік, намыс, батылдық, еңбекқорлық, ізгілік пен әдептілік қасиеттерін дамыту арқылы олардың тұлғалық өсуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Ұлттық тәрбиенің негізінде ұл балаларды өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, рухани құндылықтарын құрметтеуге баулу;
2. Ұлдардың бойында отансүйгіштік пен елжандылық қасиеттерін арттыру, Қазақстанның лайықты азаматы болуға тәрбиелеу;
3. Қоғамдық ортада өзін-өзі ұстау мәдениетін, әдептілік пен жауапкершілікті қалыптастыру;
4. Көшбасшылық қабілеттері мен ұйымшылдық қасиеттерін дамыту арқылы мектеп өміріндегі белсенділігін арттыру;
5. Еңбекке, ізденіске, қолөнер мен дене еңбегіне бейімдеу, пайдалы істерге қызығушылығын ояту;
6. Салауатты өмір салтын ұстануға, зиянды әдеттерден аулақ болуға баулу;
7. Әскери-патриоттық бағыттағы іс-шаралар арқылы ерлік, батылдық және жауапкершілік сезімін нығайту;
8. Отбасылық құндылықтарды насихаттау, болашақ әке ретіндегі жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
9. Заманауи технологияларды пайдалану арқылы өзін-өзі жетілдіруге және дұрыс бағыт таңдауға үйрету.

Жоспарланған іс-шаралар:

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Түрі	Уақыты	Жауаптылар
1	«Нағыз жігіт қандай болу керек?» пікірталас	Ер азаматтың мінез-құлық мәдениеті туралы ой қалыптастыру	Пікірталас	Қыркүйек	Сынып жетекшілер, тәрбие ісі жөн. орынбасары
2	«Жігіт сұлтаны – 2025» сайысы	Ұлдардың өнері мен қабілеттерін анықтау	Сайыс	Қазан	Тәрбие ісі жөн. орынбасары, денешынықтыру мұғалімдері
3	«Әскер – абырой мектебі» кездесу кеші (әскерге барған тұлғалармен)	Әскери-патриоттық рух қалыптастыру	Кездесу	Қараша	Тарих пәні мұғалімі, сынып жетекшілер
4	«Еңбек – ер атандырады» сенбілік, шеберлік сағаты	Еңбекке баулу, мектеп алаңының тазартылуы	Сенбілік, шеберлік сағаты	Желтоқсан	Еңбек пәні мұғалімдері
5	«Ұл бала – отбасының тірегі» әңгіме, дөңгелек үстел	Отбасындағы ер адамның рөлін түсіндіру	Дөңгелек үстел	Қаңтар	Психолог, сынып жетекшілер
6	«Жігітке жеті өнер де аз» шығармашылық көрме	Қолөнер, сурет, техника саласында қабілетін дамыту	Көрме	Ақпан	Технология пәні мұғалімі
7	«Салауатты өмір салты – жігітке жарасады» спорттық жарыстар	Денсаулық пен тәртіпті сақтау мәдениетін қалыптастыру	Спорттық жарыс	Наурыз	Денешынықтыру мұғалімдері
8	«Мен – болашақ екем» тренинг	Отбасылық құндылықтар мен жауапкершілікті сезіндіру	Тренинг	Сәуір	Психолог, тәрбие ісі жөн. орынбасары
9	«Ерлік кетіп қалды» патриоттық іс-шара (7 мамыр, 9 мамыр)	Батырлық пен отаншылдықты сезіндіру	Патриоттық іс-шара	Мамыр	Тарих пәні мұғалімі, сынып жетекшілер

Күтілетін нәтиже:

- Ұлдардың азаматтық және адамгершілік қасиеттері қалыптасады;
- Қоғамдық жұмыстарға қызығушылығы артады;
- Мектеп өмірінде жауапкершілікпен әрекеттесетін, салауатты өмір салтын ұстанатын ұлдар саны көбейеді.